

МАНСАПҚОРЛАР

Екі перделі драма

Кісілері

Қасқырбай - болыс, 55 жаста

Күлөнда - оның қатыны, 22 жаста

Мүслім - тілмаш (болыстың туысқаны),
30 жаста

Сүлеймен - молда (болыстың ақылшысы),
57 жаста

Қожантай - қажы, 50 жаста

Әбділ - ауылнай, 40 жаста

Көбекбай - жаман бай, 65 жаста

Әубәкір - болыстың шабарманы, 30 жаста

Сахна

Ортасы бөлінген екі бөлме, бір жағы тілмаштың кеңсесі, 3-4 орындық, жазу үстелі бар. Екінші бөлме болыс отыратын үй. Болыстың орны - кілем жаюлы биік төсек, еденде төсеңш.

Бірінші көрініс

МҮСЛІМ

Мүслім *(кеңсесінде, екі қолы қалтада, аузында шылтымы, аяңдап, сөйлеп жүр)*. Мәні оқытпаймын деп осынша жанталасып еді. Ол ойы болмады. Мән қашып-пысып жүріп оқыдым, нан жерлік білім алдым. Бір шешеден тумағандығын қылып, әкеме де талай зорлық қылып еді. Енді сол кегімді бір алсам, осы сайлауда болыс болып, кеудеңе бір мінсем, арманым болмас еді. *(Тоқтап сөйлейді)*. Бірақ... Көзі тірі тұрғанда, бұл жауыз мәңгі өркенімді өсірмейді, бұның көзін жоғалту керек! Қалай жоғалтамын? Қалай құты-

ламын? Жатсам да, тұрсам да ойлайтыным осы.

Осы оймен оның қатынымен тамыр болдым. Қатыны мені сүйеді. Ол жас, маған қызығады. Оның махаббатын пайдалануым керек... Мен - тілмаш. Тілмаш үлкен дәреже ме? - Жалдама хатшы. Менде билік жоқ. Мен ел билегім келеді.

Болыс болғым келеді... жоқ, Мүслім болыс болу керек. Мүслім кісіге бағынбайды. Бағындырады. Болыс болу үшін, бақ алу үшін, арды, адамшылықты аяқкатаптамай болмайды.

Екінші көрініс МҮСЛІМ, КҮЛӘНДА

Күләнда (*бұраңдап*). Молда жігіт! Ә, молда жігіт!

Мүслім (*қасына таянып*). Не айтасың, жаным?

Күләнда. Үлгі пішетін газетің бар ма?

Мүслім. Газет табылады ғой. Менің айтқанымды Не кылдың?

Күләнда. Молда жігіт-ай! Қанша ойласам да, батылым бармайды?

Мүслім. Мені жақсы көргенің бекер болды ғой?

Күләнда. Қалкам-ау! Сені жанымдай жақсы көремін. Қайтейін, болыстан тағы қорқамын.

Мүслім. Онына нанбаймын.

Күләнда. Жаным-ай! Сұмдық қой... обал ғой... қиын ғой...

Мүслім (*ернін қысыл*). Тіс-с! Ақырын сөйле! Өзің кімді артық көресің? Болысты ма? Мені ме?

Күләнда. Әрине, сені... Бірақ болысты

«Сенмен тағы кимаймын. Молда жігіт! Осылай оштан-күлш жүресек болмай ма?»

Мүсәлім. Саған не керек? Қымбат көретінің байыңның болыстығы ма? Мәнің болыс болма-сымды қайдан білдің?

Күләнда (құлағын). Молда жігіт! Сен бо-ныс болсаң, қандай жақсы болар еді!

Мүсәлім. Құдай жеткізсе, осы сайлауда бо-ныс болғанымды көрерсің.

Күләнда. Молда жігіт! Сені ел сайлай ма?

Мүсәлім. Байыңның жауыздығы елді өзінен бөздірді. Байыңда ел жоқ. Ел мәңгі, елге мәңгі сүйкімдімнің керек десе, билетке де ақша алмай-мын.

Күләнда. Болыс болсаң, мәңгі аласың ба? Жақсылықты ұмытып кетпейсің бе?

Мүсәлім. Не деп ант иш дейсің?

Күләнда. Қарғанбай-ақ көй, сендім... Бірақ сенің артыңдағы еліңді мәңгі де байқаймын.

Мүсәлім. Байқасаң, байқа!

Күләнда. Мәңгі аласың ғой?

Мүсәлім. Қолыңды әкел! Серттәң тайғаны-мызды осы қол ұрсын!

Күләнда. (қолын беріп). Жарайды, қолға тапсырдым (Сүйсіт айрылады)

Үшінші көрініс

МҮСӘЛІМ

Мүсәлім. Ақымақ ұрғашы! Мәңгі шын ала-ды деп ойлайды.

Қайдан білесің... Мәңгі өзімнен басқа бір адам-ды жақсы көре алмаймын. Мәнің мақсатым: мәң-гі сап табу, кек алу. Олтірсен байың, маған не ке-

рек?.. Бірақ мақсатыма жеткенше, сыр білдірмеуім керек.

Төртінші көрініс МҮСЛІМ, ӘУБӘКІР

Әу б ә к і р (келін). Маған тапсыратын жұмысыңыз жоқ. па?

М ү с л і м. Қайда барасың?

Ә у б ә к і р. Болыс Қойбағардың бір ту биесін ұстап әкел дейді.

М ү с л і м. Оны қайтпекші?

Ә у б ә к і р. Союға.

М ү с л і м. Тағы зарлатады екенсің ғой. Олай болса, сен Қойбағарға менен сәлем айт! Мүслім биесін алма деп, болысқа осынша айтса да, болмайды де! Ренжімесін, тірі болсам, оның есесін қайыармын деп айт, білдің бе?

Ә у б ә к і р. Дұрыс, айтамын.

М ү с л і м. Тағы мына жұмысты тапсырамын. Көрпебайдың қызы басына бостандық сұрап, нашалнікке арыз беріпті. Оны бергізіп жүрген болыс болуы керек. Қызды нашалнік шақыртып отыр, Көрпебайға айт, арызды мен баса тұрамын, менің жақсылығымды ұмытып кетпесін де!

Ә у б ә к і р. Айтайың, бірақ Көрпебайдан бірдеңе алу керек еді. Пабеске жазып берсеңіз, мен оны өкіртер едім.

М ү с л і м. Алатын күн табылар, сайлау өтсін. Жалғыз сырласатын кісім сен ғой, Әубәкір! Сен байқайсың ғой, ел мені қалай көреді?

Ә у б ә к і р. Құдай біледі деп айтайын: сіз болыс болам десеңіз, сізді сайламайтын кісі бола қоймас деп ойлаймын.

Мүслім. Мәң болыс болып шығайын, алу-
дың әкесін сонда көрсетермін.

Әубәкір. Өзімнің де шім сезеді.

Мүслім. Ауылнайлық пайдалы ма? Ша-
бармандық пайдалы ма?..

Әубәкір. Ауылнайдың шән үлкен ғой,
түсімі е шабармандық та теріс емес.

Мүслім. Ендеше, сен ауылнай қоярмын.
Сен оқы бастан елді маған қарай икемдей бер.

Әубәкір. Оны өзім де ескеріп жүрмін. Мәң
жүрейін. *(Кетеді)*

Бесінші көрініс

МҮСЛІМ

Мүслім. Елді алдаумен, ештең ұстау керек.
«Әуелі бала еш нәрсесін тартып алмай, көрсет-
пей, ештең алсаң, оқасы жоқ» деп Абай дұрыс
айтқан. Қасқырбай елді қырып-жойып, қорқы-
тып ұстады. Мәң ел ұстасам, олай ұстамаймын.
Алсам да, білдірмей аламын, езілген ел уысын-
нан шықпай тұрмайды.

Алтыншы көрініс

МҮСЛІМ, ҚОЖАНТАЙ ҚАЖЫ

Қожантай қажы *(Мүслімнің қасына
келіп, күрсініп отырады)* Ей, Құдай-ай, сактай
гөр! Бұл не деген сұмдық еді!

Мүслім. Болысыңызбен жарастыңыз ба?

Қожантай. Жарасатын емеспіз, шыра-
ғым! Ауызын үлкен ашатын көрінеді.

Мүслім. Не алам деп отыр?

Қожантай. Маңдайыма басқан жалғыз
тор жорға атты аламын дейді, оған тағы бір қара
қожасың дейді, шашым шақ келетін емес.

Мүслім. Құрытады десеңізші!

Қожантай. Құрытқаны ғой... Құрытайын дегені ғой.

Мүслім. Бұның адамға жаны ашымайды. Қанынан карайып кеткен адам. Ертең сайлау болғанда тағы ұмытып кетесіңдер ғой.

Қожантай. Ай, енді есімізден қала қалмас.

Мүслім. Кімді болыс қояр едіңіздер?

Қожантай. Шырағым ау, тіпті өзің неге болмайсың?

Мүслім. Бізге болыс боламын деу ұят қой.

Қожантай. Не ұяты бар? Жасың жетеді, ақылын жетеді. Қайта көзі ашық сенің болашағың жақсы болар еді.

Мүслім. Мені ел сайлай ма?

Қожантай. Мен өзім бесіншіні тырып еткізбей қолыңа берейін.

Мүслім. Рас айтасыз ба?

Қожантай. Расым. Қашанғыдан бұрын көзіміз ашылар еді. Өлдік қой әбден.

Мүслім. Ендеше, Қажеке, уәде қылып қоялық. Бесіншінің міндетін аласыз ғой?

Қожантай. Бесіншіден бір үй шашау шығарсам, маған сәлем берме!

Мүслім. Ыбқот шықса, шығыңға да шыдайсыз ба?

Қожантай. Несі болса да, шыдаймын.

Мүслім. Қолыңызды әкел (қол соғысады.) Қай бұзылғанымызды осы қол ұрсын! Құдай ұрсын!

Қожантай. Құдайға тапсырдық. Тек сен де серігіңе тартып кетпесен.

Мүслім. Құдайға тапсырыңыз.

Қ о ж а н т а й. Жарайды, сәні де бір сынайық.

Жетінші көрініс

Бұрынғылар. Б О Л Ы С. СҮЛЕЙМЕН
МОЛДА

Б о л ы с (*Мүслімге*). Немәңе? Поштаны бүгін жөнелтуші ме едің?

М ү с л і м. Жөнелткелі отырмын, тығыз қағаздар бар еді.

Б о л ы с. Менің керегім бар ма?

М ү с л і м (*бірталай қағазды болыстың алдына салып*). Міңе бір қол қоятын қағаздар бар еді.

Б о л ы с. Бұл не қағаз?

М ү с л і м. Жұматай Қосар баласы бар ма?— деп прыстап сұрайды. Мен жоқ деп жауап жазып отырмын.

Б о л ы с. Ол игтін орыстын атын ұрлаған шатағы болатын. Сайлауда бұлтақтап тұрмайтын, соққан еді, оның өзін басымен әлек қып қою керек. Бұл қағазды қайырмай тұра тұр.

М ү с л і м. Ендеше, жата тұрсын. Міңе бір қағаз Байжолдан төрт жылқы көреді.

Б о л ы с. Көретін кім?

М ү с л і м. Желтау қазағы Шүмекбай Терлікбай баласы.

Б о л ы с. Байжол өзіміздің кісі ғой... Оның мәнісі бар, қоя тұр, болмаса, елде жоқ деп қайырайық. Солай болсын.

М ү с л і м. Міңе бір қағазды 5-інші ұшаскенін мировой содиясы түсіріп отыр. Ана жылғы Тұяқбайлардың жұмысы тақырыпты 30 кісіні жауапқа шақырады.

Б о л ы с (*Қожантайға қарап*). Қажы, сіз бара тұрыңызшы! (*Қажы шығады*). Молда! Осыны қалай қыламыз?

С ү л е й м е н. Құданың күдіреті, жоқ жерде басқа болысқа шығамым деп, жарты ауылнай елді күртуға таяды-ау!

Б о л ы с. «Әлін білмеген әлек» деген ғой. 288-інші статьялар Тұяқбайдың түсіне кірер ме екен?

С ү л е й м е н. Қатқанынын статьясын білсін бе?

М ү с л і м. Бұған не жауап қайырамыз?

Б о л ы с. Оны ақылдасу керек. Оның ішінде әлгі қажы да бар шығар.

М ү с л і м. Қожантай бар ма?

С ү л е й м е н. Басты адамдарын шақырып алым, қорқытып, нетсе кайтеді?

Б о л ы с. Сіз алу жағын айтасыз ғой. Менін ойым: бас көтерместей қылып, жаншып тастаса деп едім.

С ү л е й м е н. Олардың өзі де күруға таянған шығар. Быт-шыт болып тозып кеткен жоқ па? Елде қанша үйі қалды екен?

Б о л ы с. Ауып кеткен, күн көре алмайтын кедейлер ғой. Аз жұқанасы бар екі-үш-ақ үй ғой.

С ү л е й м е н. Олар да бітеді ғой.

Б о л ы с. Бітсе, бітсін!

С ү л е й м е н. Мен осы ел быт-шыт болып көшіп таусыла ма деп шошимын, елдің сиқы жаман, мал бітіпті.

Б о л ы с (*мырс етіп*). Әй, молдеке-ай! О жағынан қорықпай-ақ қойыңыз, біздің ел қалар.

М ү с л і м. Әлі ел құрығанда, кімге болыс боласыздар?

Б о л ы с *(шышынып)*. Оны сен сұрамаспыз, елде не жұмысың бар? Қағазынды жаз!

М ү с л і м. Мейілдеріңіз.

С ү л е й м е н. Шырағым, сен әзір жассың ғой, ел сөзіне араласып не қыласың? Алдында мына аған тұрғанда, ел сөзі осыдан аспас.

Б о л ы с *(көтеріліңкіреп)*. Сен менің жұмысыма кірсеңе! Елдің не тауқыметі болса да көтеретін мән. Тәңір алдында да мен жауап беремін.

М ү с л і м. Дияла менің қолымда болған соң, кірсеңей қалай тұрамын?

Б о л ы с *(ашуланып)*. Олай болса, сен дияланы көтере алмайтын болсаң, дияланы көтеретін кісіге берерміз.

С ү л е й м е н. Ондай сөзді не қыласыз? Оныкі де рас, кірсеңеу де қиын. Басқа біреуге береміз дегенді сіз де қойыңыз. Құдайға шүкір, бақ та, дәулет те жететін ғой, рәңжісті тастау керек.

М ү с л і м. Мән қойдым, ұнамаса... *(Болыс үндемейді)*.

С ү л е й м е н. Әлгі қағазды жайырақ кеңесу қол болар, мұндай жұмысты тегінде маслихатпен істеген дұрыс болар.

Б о л ы с. Дұрыс, жата тұрсын.

М ү с л і м. Жарайды еңдеше... Онан басқа қағаз жоқ шығар. *(Қағаздарын жинап, шығып кетеді.)*

Сегізінші көрініс

Б О Л Ы С, С У Л Е Й М Е Н М О Л Д А

С ү л е й м е н. Менің байқауымша, осы баланың бақтан дәмесі бар ма деп ойлаймын.

Б о л ы с. Болыс болам дей ме? *(Өз бөлмесіне баярлана)*

С ү л е й м е н. Кім біледі...

Б о л ы с. Олай ойлар ма екен?

С ү л е й м е н. Мансапқа қызықпайтын адам болады дейсіз бе? Мансапты теріс көрмейтін шығар.

Б о л ы с. Қой, мен тұрғанда болыс болам деп айта алмас.

С ү л е й м е н. Сонда да бұ баланы айламен ұстау керек шығар, елде де беделсіз бола қояр ма екен?

Б о л ы с. Оныңыз рас, ел жек көре қоймас, бірақ мен тұрғанда, жарқырап шыға қоймас, менімен таласарлық не малы бар?

С ү л е й м е н. Тегінде қауіпін айтқаным ғой. Әйтпесе, дәулетсіз кісі болыс болу оңай емес қой... Сөйтсе де арғылан ойлайтып зымиян бала.

Б о л ы с. Бұл аса сұм бала, қулығы біздің ар жағымызда. Мен ағалық қылып тежеп тастаған боламын. Еркінге жіберсең, бізді сыртымыздан сатып жіберер. Осының арамзалығын мен ерте сезгемін ғой. Оқып шықса, төбемізді тесер деп, осынша оқытпайын деп арпалыстым, болмады. Қашып кетіп, оқып шықты.

С ү л е й м е н. Сізге әлгідей ақыру, жекі-рудін керегі жоқ, кім біледі, бір шешеден тумағандығын істейді деп кектен беруі ықтимал.

Б о л ы с. Бірақ ылғи жалынып-жалпая берсең, басыңа шығып кетеді ғой.

С ү л е й м е н. Түбінде осы елді ұстайтын осы болады, бірақ біз алмаймыз.

Б о л ы с. Оған дау жоқ....

С ү л е й м е н. Менің сақ болу керек дейтін

бір себебім болысты орысша білгенін сайлайды деген бір лақап бар ғой.

Б о л ы с. Ол әлі анық хабар емес. Ол әзір бола қоймас. Орысша білген табыла бере ме? Бак дүниеге табылатын болса, Калпаковский орнында тұрса, бір есебім табармыз.

С ү л е й м е н. Дни көптр де болса, о шіркін алғанын ақтар. . Мәңкі уайымын сойжеткен ғой.

Б о л ы с. Сайлаудың мезгілі жақын ғой, камсыз жатқан жарамас. Сіз атқа мініп, ел оқпанын байқағаныңыз дұрыс болар

С ү л е й м е н. Өз ойым да сол атқа мину керек. Минетін атым да жоқ, тең сіздің көк атты мініп кетемін ғой

Б о л ы с. Өзім мінерлік аттың өзі де сол еді, сүйткенмен мініңіз, мініңіз.

С ү л е й м е н. Мен сіңді қайтқаным дұрыс болар... Үйде де ол бұ шаруа бар еді... Қадияшаның шайы таусыяған екен, Күләнда келінінің шайы бар шығар, қаладан жуықта алдырды деп естіп едік.

Б о л ы с *(дауыстапды)* Күләнда! Күләнда!

Тоғызыншы көрініс

КҮЛӘНДА

Б ұ р ы ң ғ ы л а р

К ү л ә н д а *(келіп)* Не айтасыз?

Б о л ы с. Молдекен бәйбішесінің шайы таусылған екен, бір қағаз шай әкел бер, бибіге мактанып барсын!

С ү л е й м е н. Ұрғашы да аңдып отырған бір жау ғой.

К ү л ә н д а. Шайдың өзі де шағым еді... *(Кетеді)*

С ү л е й м е н. Болыс тірі болса, шай шағын болмас. *(Біраз тым-тырыс).*

К ү л ә н д а *(шайды әкеліп береді).* Жеңгейге сәлем айтыңыз! Шашу апарып, құттықтайтын жөніміз де бар еді, қол тиіп бара алмай жүрмін.

С ү л е й м е н *(шайды қойнына салып жатып).* Қадишаға бірталай талшық болсын.. Барыңыз, барыңыз...

К ү л ә н д а. Барамың, кісі толас болған соң, қалайтын қалауым да бар.

С ү л е й м е н. Қалаңыз, қалаңыз! *(Күліп).* «Алушының баласы шалушы келеді» деген ғой, сізге жарарлық нәрсе табылса, қалаңыз...

Б о л ы с. Молданың зәресін ұшырып не қыласың *(Күледі)*

К ү л ә н д а. Зәресі неге ұшсын? Алғанды молда екең өзі де жақсы көреді. «Береген қолым алаған» деген емес пе?

С ү л е й м е н. Сізден аяйтын не дүние болады дейсіз?

Алыңыз, алыңыз! Мен жүрейін, қош бола тұрыңыздар! *(Шығады.)*

Оныншы көрініс

БОЛЫС, КҮЛӘНДА

К ү л ә н д а. Пай-пай-пай-ай! Осы молда екеңнің сұрамша ғы-ай! Келген сайын сілімтіктенін бірдеңе алмай кетуі жоқ.

Б о л ы с. Қожа-молданың кәсібі еміз пе?

К ү л ә н д а. Бү кісі жай қожа - молдамен бір бас па? Ел адамы емес пе?

Б о л ы с. Қайта ел адамының араны ашылып кететін шығар. Алмай, кім жолдас болады дейсің. Бәрінікі бір күлқыны, бір тамағы!

Күләнда. Сүйткенмен «бер-бер!» дей бергенше, «жок» десеніз, болмай ма? Шайдың өзі де азайып қалды.

Болыс. Оттаған шіркін! Мәңгі мырзалығым ұстап беріп отыр дейсің бе? Кімге берсен де, өзің үшін бересін.

Күләнда. Шай таусылып бара жатқанға айтам, әйтпесе мәңгі қылайын..

Болыс. Таусылса, төркінің көтермес, ел көтерер, елдің дәулеті таусылса, біздің шайымыз да таусылар *(Күлянда кетеді.)*

Он бірінші көрініс БОЛЫС, СҮЛЕЙМЕН, ҚОЖАНТАЙ

Сүлеймен *(отырып жатып)*. Қажы сізге жолығып кетер едім дейді, атқа бірге миңжік деп едік.

Болыс. Не жолығатыны бар? Айтқаным - айтқан.

Қожантай. Атты өзіме қайтарыңыз, өзгесін қамдан көрейін.

Болыс. Ол болмайды.

Сүлеймен. Қожеке! Осы жұмаға келгеннен мақұл болар. Көпірдің қаламына бір ілінген соң, құғылу онай болмайтын.

Қожантай. Қалам қылғанда, ақпын ғой! Нақакпын ғой!

«Қызың бала тапты, дүрбі салдырамын» деген не деген сұмдық! Күдайдан үміті бар алам осындай іс қыла ма?

Болыс *(Ашуланады)*. Сәнің қызына бала таптырған мәңгі бе? Оттама! Тіліңді тартып сөйле!

Қ о ж а н т а й. Құдай алдында, мақшар күнінде теңдікке жетпесек...

Б о л ы с (*көтеріліп, екіженіп*). Қажы! Қысқарт тіліңді! Шауып алармын! Күліңді көкке ұшырармын! Мақшарыңмен қабат!

Қ о ж а н т а й (*жағасын ұстап*). Астапыролла! Кетейін, кетейін! «Құдайдан қорықпағаннан қорық» деп еді. (*Жөнелді.*)

Б о л ы с (*тұра ұмтылады*). Сақалыңнан түк қоймай жүлайың, бері келші!

Сүлеймен (*болысты ұстап, жібермейді*). Сабыр етініз! Не керек қажы кісі ғой..

Б о л ы с (*орнына отырып*). Тілі мірдің оғындай ащы неме өзінің! Қажымын дейді, не қылған қажы! Кересін сатып, бақал қыдыртып жүретін шірік неме еді! Өлген қажыны тонап келіп, әулие бола калыпты!

С у л е й м е н. Не қыласыз соны, сөз білмеген сон қайтесін .. мен жүрейін.. жолықтыр дегенге ертіп едім... өзі бүлдіріп алды... Өз обалы өзіне.

Б о л ы с. Мұндай итті ит қылып ұстау керек. (*Сүлеймен кетеді.*)

Он екінші көрініс

БОЛЫС, ӘМ ӘБДІЛ АУЫЛНАЙ

Ә б д і л Салаумалжайкүм!

Б о л ы с. Аманбысың?

Ә б д і л Құдайға шүкір, мал-жаныңыз аман ба?

Б о л ы с. Сен қайда жоғалып кеттің? Алымың бітті ме?

Ә б д і л Бітуге таяды, 20 шакты үй қалды.

Б о л ы с. Қара басқыр! Сәнің жұмысың бір өттер ме екең?

Ә б д і л. Біткенше сойып жатыр. Елде ақша жоқ.

Б о л ы с. Ақша жоқ болса, маған қайт дейсің? Жаныңнан төле.

Ә б д і л. Төле десеңіз, амалым бар ма? Жалғыз атымды сатсам да, төлеймін тағы.

Б о л ы с. «Жұлдыздың 15-нән қалдырма!» деп қақсап жібердім. Поштабайшыдан және тапсырдым. Не бітірші жүретініңді шорт биеді.

Ә б д і л. Өңкей қара қасқа кедей. Күн көріп отырған жалғыз сиырын алмасақ, түк бөлек - салағы жоқ, борыш қарызына беріп бітірген.

Б о л ы с. Алсаң, ал! Маған не қыл дейсің? Кім-кім бермегені?

Ә б д і л. Алтыбай ауылында үш үй, Қара жалда екі үй, жауыр жирен шолақтан басқа дымы жоқ жылтыр Құлтамбай, өзіңізге неше рет зарлап келетін жалғыз сиырдан басқа үрерге иті жоқ, ақсақ Кемелбай, міне, қалып отырған осы сияқты ылғи қара қасқа кедейлер. 30 сом тауып беру жан бергеннен бір кейін емес, қатыны баласымен шулап қарғағанда, иманың қасым болады. Қарғыстан әбден ішіміз кебеді.

Б о л ы с. Қарғыстан қорықсаң, қызметте не ақын бар еді?

Ә б д і л. Қызметі бар болсын!

Б о л ы с. Сайлау кезінде көрерміз.

Ә б д і л. Енді ауылнай болғаннан да мойныма қап салғаным артық.

Б о л ы с. Сөзді көбейтпе! Қалған атымды екі күннен қалдырмай тапсырасың!



Әбділ Ойбай-ау! Екі күннің ішінде бір жақтан ақша келе ме?

Б о л ы с. Жерден қазсаң да, табасын! Сенің алымың үшін мен абақтыға жата алмаймын! Оны білесің бе?

Әбділ Қайтейін! Бар малымды сатып, катын баламды шұбыртып кетем дағы...

Б о л ы с. Маған десе, Тескентау кет!
(Әбділ шығады.)

Он үшінші көрініс

Б О Л Ы С

Б о л ы с. (аздан кейін). Әлгі иттің сөзі де рас. Ел кедей болды. Осы шығынның көбі өзіміздікі. Бірақ ел жемей, азулы болмайсың. Азулы болмай, дәулет табыла ма? Бақ, атак, дәулет көздің жасы ғой... елді ойлағанда, кейде жанын қынжылады... Қанша бакты болсаң да, жүрегіннің басынан бір тікен кетпейлі... Нәпсі шіркін тағы шыдамайды, алмай тұра алмайсың... Қайтесің, ел жеген жалғыз мен бе? Қазақтың жақсыларында бұрынғы, сонғы да ел қанамағаны болды ма? Біз солардан артықпыз ба? Мен алмағанмен біреуі алады... Құдай бізді алуға жаратты, дүние күштінікі...

Он төртінші көрініс

Б О Л Ы С, КӨБЕКБАЙ, ӘУБӘКІР

Көбекбай қолын қусырып, басын сңкейтіп, сәлем беріп кіреді. Тұқырандап етігін тастап, тіземен жорғалам, болысқа қол береді.

Б о л ы с (қолын қағып жібереді). Тарт қолын-

ды! Мен Мекеге барғам жоқ, не қылған қол?
(Ауықпир шыр етті күзді)

К ө б е к б а й *(қалбалақтап)* Жоқ, жоқ. Мәргебенізге, бағыңызға... кішілік... мал-жан шаруаңыз аман ба? Есен жақсы отырсыз ба?... Құдай деп күнлі жақсы - келін - бәйбіше бала-шаға - құдай деп - ауыл-аймағыңыз аманшылық па?

Б о л ы с. Өзін де аманбысың?

К ө б е к б а й. Құдай деп... құдай деп... *(Аузын жығырлатып, тамағын кенеп қояды)*.

Б о л ы с *(аздан соң)*. Қайдан келесің?

К ө б е к б а й. Ауылдан шығып едім... осы жаққа таман...

Б о л ы с. Қайда барасың?

К ө б е к б а й. Сізге сәлем берейін... жолығайын... арыз берейін деп...

Б о л ы с *(жантайып жатып)*. Не қылған арыз?

К ө б е к б а й. Мырза!.. Үйірдегі жалғыз айғырымызды алдырған екенсіз... соның жайын айтайын, жайын білейін деп...

Б о л ы с. Не жайы бар? Айғырды мән алдым. Мен алуға жараймын ба?

К ө б е к б а й. Жарайсыз, жарайсыз... алдырғаныңызды нетпеймін... Алам десеңіз, аласыз, сізге қарсылық қылатын шамамыз бар ма?... Бірақ қатын-баладан тынышым кетіп келіп отырмын... Мал ішінде ырым қылатын бір мал болады ғой, мырза! Өзге малым да, айғырым да бір төбе еді! Мырза, тағында ағар! Бағың өсе берсін! Айғырымды өзіме қайырыңыз, орнына

бие аласыз ба? Өзіндей шұбар құнаны бар. Соны аласыз ба?

Б о л ы с. Айғыр қайтпайды.

К ө б е к б а й. Мырза-ай! Мұқым құрытқаныңыз ғой! Мені өлтіргеніңіз ғой, қатын-балаға табашы қып, күнде өлтіргеніңе, бір жола өлтіріңіз! Өзіңіз бауызданыз! Аяйтын жаным да жоқ, мнә, басым! *(Болыстың аяғына жығылады.)*

Б о л ы с. Тұр арыман! Айбарын қарашы төбеттін!

К ө б е к б а й. Тақсыр-ай! Жаныма тенеп жүрген жануарым еді. Айғырымды алғаннан баламның біреуі өлгені жақсы еді.

1) Б о л ы с. Айғырынды қадірлі көрсең, екі сары биен мен құнаныңды бер!

К ө б е к б а й. Ойбай-ай! Жарықтық-ай! Үшеуін бірдей берген соң, нәм қалады?

Б о л ы с. Өзің білесің.

Ә у б ә к і р. Шұбар құнан ендігі жылы өзіңе айғыр болмай ма?

К ө б е к б а й *(көзін сүртіп, төмен қарап отырады. Аздан соң)*. Мырза, мені қайтесіз енді?

Б о л ы с. Қайтейін сені?

К ө б е к б а й. Екі биеннің таңдағанын алыңыз!

Б о л ы с. Болмайды.

Ә у б ә к і р. Көке, екі биенді қабат беріп, неге байқамайсың?

К ө б е к б а й. Құрытайын дегені ғой, құрытып тыныш болсын! Қайтейін!.. *(Жылап, Шығып кетеді)*.

Ә у б ә к і р. Екі сары биені қабат бер десе, болмайсын... *(Бірге шығады)*.

Он бесінші көрініс

Б о л ы с (*басын көтерип сөйхиді*). Ай, Көк төбет! Көзін сулап, айғырын ала қоймақ. Жылағанды көріпші бе, сірә?.. Не мініп, не киіп, қызығып көрмейтін жаманға жақсы айғырдың не керегі бар екен! Көбекбай да жүргенде шұбар айғырды кім біледі? Адам да білмейді. Итте болғанша, иесінде болсын... Аман болса он сака биеге салып, жылқымды шұп-шұбар қып алайын. Пай-пай-пай! Қояндыда Жардың баласы үш шұбармен бір жүрді-ау! Ауызымен күс істейді!.. Үш шұбарды тройкекетіп жәрмеңкене жегіп барсам. Көшеде мойнын қайыртып, құтыртып бір жүрсем, жұрт: «Бү қай мырза, қай болыс!» деп таңданса, сонда менің Қасқырбай атым алты алашқа кетеді, сонда менің кім екенімді жұрт біледі... Қасқырбай осыны ойлап шұбар айғырды алып отыр ғой!

Шымылдық

ЕКІНШІ БӨЛІМ

Сахна әуелгі

Бірінші көрініс

Мүслим ауыз үйде Қожантай, Көбекбай, Әбділ үшеуін отырғызып қойып, сөйлеп тұр. Құланда төргі үйдін есігінде тыңдап тұр.

Мүслим. Бір күнде сіздер Қасқырбайдың жемі едіңдер. Енді, міне, елу басы болдыңдар. Сендерді елу басы қын шығаруға әуелі құдай, сонан соң мен себеп болдым. Оны білесіздер ғой?

Әбділ

Көбекбай.

Қожантай.

Білеміз, неге білмейік?

Мүслим. Бүгін нашалнік келеді, шар салады. Бәйгілі жерге таяндық. Елу басылардың көбі мендік екенін білесіздер. Әсіресе, қатты сенетін тастарым — үшеуіңіздікі. Қашан шар салғанша мені сайлаймын деп ешкімге ауыздан шығармайсыздар! Ұқтыңыздар ма?

Үшеуі. Ұқтық.

Мүслим. Сендерді болыс тағы айналдырар, дүние-мүлкін үйіп-төгер. Болысқа уәдені бере беріңдер, бергенін ала беріңдер. Қажеке! Көке! Әбе! Уәде осылай еді ғой?

Үшеуі. Осылай.

Мүслим. Бү сайлауда болыс болам деп шарға түсуші көп болғалы тұрғанын білесіздер ғой?

Үшеуі. Білеміз.

Мүслим. Басқаларға шар сал дегенде, тастарыңызды жәшіктің қара жағына саласындар,

маған келіңде, ақ жағына саласыңдар. Ұқтын-
дар ма?

Үш еуі Ұқтық.

Мүсәлім Енді оңаша сөйлесе беруге уақыт
болмас. Ақырғы уағдамыз осы болсын. Қане,
тағы қол ұстасалық! *(Үш еуінің қолын ұстайды)*
Қолға, Құдайға, аруаққа тапсырдық.

Көбекбай Мәнде бұлтарыс жоқ.

Кожантай Мәнде Қасқырбайдан тойғам.

Әбділ Мәнде сәніммен біргемін.

(Соңғы үш еуі шығады.)

Екінші көрініс

МҮСӘЛІМ, КҮЛӘНДА

Күләнда. Мөлде жігіт! Түсімде сен ақ боз
атқа мініп, тау басына шықтың, сен болыс бо-
лады екенсің, енді көзім жетті.

Мүсәлім. Көзің жетсе, уәдені орындайтын
уақыт та жетті. Бүгін нашалық келеді. Шар са-
лады. Бүгіннен қалсаң, мәңгі күдеріңді үз! Енді
бұлғақтауға болмайды.

Күләнда *(Мүсәлімді құшақтан)* Ойбай-ай!
Енді қалай ғып беремін?!

Мүсәлім. Қымызға мал да, араластырып
жібер! Түк дәмі жоқ, білімбейді. *(Қалтасынан
қағазға ораулы ұды алып береді.)* Мә, жаным!
Титтей қорықпа! Шіміркіне! Тірі жан біледі деп
ойлама!

Күләнда *(дәріні қалтасына салады)*
Жүрегім дірілдеп барады. . . Дәтім шыдамай
түр!

Мүсәлім. Байың бүгін болмаса, ертен өледі.
Сонда сен алатын әменгерің кім екенің білессің
бе?

Күләнда. Сен басқа кімім бар?.. Бірақ құдай жүзін қайтіп көреміз?

Мүслим. Құдай жүзін шын көретін біз боламыз. Байың жемеген ел бар ма? Ол зарлатпаған жетім-жесір бар ма? Бұның көзін жоғалтсақ, бейуаздардың көзі ашылады. Бұдан сауап таппасақ, обал таппаймыз.

Күләнда. Молда жігіт-ай! Сенің көңіліңді қимастықтан істеймін. Әйтпесе, адам істемейтін жұмыс қой... Қайтейін, Құдайдың не салғанын көремдағы... Бірақ түбінде мені алдап кетпейсің бе?

Мүслим. Сен баланың сөзін айта берсен, маған серік бола алмайды екенсің...

Күләнда. Көндім ғой, жаным! Көндім енді. Сен үшін жанымды отқа салдым.

Мүслим. Көнсең, енді ұрғашылық қылма. Сөзді, ойды таста, жұмысты бітір! *(Күләнда шығып кетеді.)*

Үшінші көрініс

МҮСЛІМ

Мүслим *(түрегеліп тұр, ауыр ойда)*. Елдің бетін өзіме қараттым, елу басыны алдым, енді бірақ өткел қалды. Ол өткел: нашалнікке жолықтырмай, Қасқырбайды бір жайлы қылу. Нашалнікке жолықса, ол әкетеді, параға сатылмайтын ұлық жоқ... *(Жүрегін басады.)* Жүрегім алып ұшып барады. Көзіме бак елестейді. Күләнда айтқанымды орындаса, жарады... орындар... Ол мені жанындай жақсы көреді. Мен ше? Мен оны сүймеймін. Мен оны ақымақ қылып жүрмін... Болыс болсам, қыздың төресін алмаймын ба?

Айқыр есті көп. Мұслим отырып, қағатын жазған болады.

Төртінші көрініс

МУСЛИМ, БОЛЫС, СҮЛЕЙМЕН

*Б о л ы с (кіріп, Мұслимді көріп, молдаға)
Мұнда, төрт үйге барайық. (Төрт үйге барып,
отырып сөйкеседі. Мұслим құлағын салып тыңдап отырады.)*

*С ү л е й м е н. Мұндағы сәпмесіз елу басы,
мәңгі топшылауымша Қожантай қажы, К ө б е
к б а й, Әбділ үшеу!*

*Б о л ы с. Өзгелері де пәлсадей сәпмді емес.
Әсіресе үшеу, бұларға не істеуіміз керек?*

*С ү л е й м е н. Мәңгі былай ойлап тұрмын.
Қожантайға құдалық беру керек оның былтыр
бір әйел баласы туған.*

*Б о л ы с. Дұрыс екен! Табылған ақыл өз оя-
ымда да бар еді. Көбекбайды қайтеміз?*

*С ү л е й м е н. Көбекбай айғырын өзі алып
еді ғой?*

*Б о л ы с. Айғырды әлдеқашан берлік көп.
Ол 200 сом ақша да алып отыр.*

*С ү л е й м е н. Алынап малдың бәрі қайтты
ғой?*

*Б о л ы с. Қайтып жатыр ғой, арғының қайы-
рын тілемесек.*

*С ү л е й м е н. Көбекбай малжанды тобет
көп. Оған тағы бермесе болмас, құдалыққа ол
сөз қоймас.*

*Б о л ы с. Оған тағы ақша береміз дағы. Ал
Әбділ Ше? Бір беткей, бір мойын адам Әбділ ғой.*

С ү л е й м е н. Әбділдің қатыны олды ғой.

Оның есіл-дерті - бір катын. Мен ойлап едім: әнеуі осында қашып келетін Байжанның қызын әпереміз десек тоқтамас па екен?

Б о л ы с (*жуанып*). Ай, молдеке-ай! Осындай қысылған жерде табасың-ау! Бұл әбден жарайды! Оларды қазір шақырып сөйлесу керек.

С ү л е й м е н. Шақырғаннан да жеке-жеке тысқа алып шығып, оңаша сөйлескен мақұл болар.

Б о л ы с. Бұл да дұрыс екен, жұмысты тығыздатпаса болмайды, бүгін нашалнік келіп қалуы ықтимал ғой.

С ү л е й м е н. Тығыздату керек... Елу басылар жайсыз, қолайсыз кісілер...

Б о л ы с. Өзім де қауіп қыламын, түсім келіспейді.

С ү л е й м е н. Осы елу басылардың көбі Мүслімге тілектес адамдар ғой. Мүсліммен тағы бір сөйлесіп көрсек қайтер еді?

Б о л ы с. Сөйлескенмен ол сыр бермейді. «Болыс болғың келсе, шыныңды айт, қолымыздан берейік» деп мен талай айналдырдым. «Болмаймын» деп азар да безер болады.

С ү л е й м е н. Әйтеуір осы баладан қауште-нем де тұрам, сүрені келмейді.

Б о л ы с. Оны елп сөзге ала берсең, болыстықтың тұтқасын өзі ұстаған кісімсіп, мүлде құтырып кете ме дем қорқамын.

С ү л е й м е н. Оныңыз да дұрыс, жас кісі, жақын адамға жалына беру - сіздің бойыңызға лайық емес.

Б о л ы с. Маған намыс қой, өлім ғой! Қартайғаныңды, әлсіздігіңді білдіресің ғой.

С ұ л е й м е н. Олай болса елу басыларды
айналдырайық.

Б о л ы с. Жүріңіз!

(Шығады.)

Бесінші көрініс

МҮСЛІМ

М ү с л і м. Батыр қысылайын деген екен,
қалай айла күрсаң да, көрің қазылған... Күләнда
қымызды бере алса, жарады. *(Есіктен қарап ке-
леді.)* Күләнда қайда жүр екен? Енді беру керек
еді.

Алтыншы көрініс

МҮСЛІМ, ӘУБӘКІР

Әубәкір *(мойында знагі, естігін кіреді)* На-
шалық келіп қалды!

М ү с л і м. Қай жерде? Қай жерде?

Ә у б ә к і р. Сарыадырдан жаңа аттанды

М ү с л і м. Қайда түседі?

Ә у б ә к і р. Тура осында келеді.

М ү с л і м. Шарды қашан салады?

Ә у б ә к і р. Бүгін, бүгін саламын дем келеді.

Жұмысы асығыс болса керек елу басылар қай-
да? Даяр ма еді?

М ү с л і м. Даяр, болысқа айттың ба?

Ә у б ә к і р. Жоқ, айтқам жоқ, алдыменкі са-
ған келдім.

М ү с л і м. Бар әдіеше, болысқа айт! Қай
үйді тазалатады екең? *(Әубәкір кетеді.)* Күләнда,
Күләнда! *(Сасқалақтан біресе жоғарғы үйдің,
біресе ауыз үйдің есігіне жүгіреді.)* Күләнда!

Жетінші көрініс
МҮСЛІМ, КҮЛӘНДА

К ү л ә н д а *(жүгіріп кіреді)*. Немене, молда жігіт?!

М ү с л і м. Нашалнік келіп қалды. Берген жоқсың ба?

К ү л ә н д а. Беруге уақыт болды ма?

М ү с л і м. Кәзір бер! Кәзір бер!

К ү л ә н д а. Үйге келер ме екен?

М ү с л і м. Кәзір үйге келеді, киім киеді. Знагін салады, нашалніктің алдынан шығады.

К ү л ә н д а *(жүрегін басып)*. Ойпырым-ай, жүрегім шошып кетті ғой!

М ү с л і м. Биттей сескенбе! Асығыста ескермейді. Осыдан қолайлы уақыт жоқ.

К ү л ә н д а. Жарайды. Жүре бер! Бірдеңе кып көрермін. *(Мүслім кетеді. Күләнда төргі үйге барып аяқтағы қымызға улы салады, ара-ластырады, иіскейді, тыржияды, қорқады, үрейленеді.)* Алла-ай!.. Жасаған-ай! Кеше гөр!.. Қалай беремін? Байымды қалай өлтіремін? Мүслімнен қалай айрылармын?.. Қой, не де болса басымды берген соң, біржола берейін... Құдайдың салғанын көрермін.

Сегізінші көрініс

Б о л ы с *(ентігіп, алқынып, асығып кіреді)*. Күләнда! Күләнда! Ызнағым қайда? Ызнағымды әпер!

К ү л ә н д а *(сандықтан ызнағын алып береді)*. Міне, ызнағыңыз.

Б о л ы с. Белбеуім, тымағым... Уһ, оһ, уһ! Түтігіп кеттім ғой!

Күл өңдәтпелі тұрған белбеуі мен тыма-
ған әтерін жасып! Кішкене сусын жұтасыз ба?

Б о л ы с *(ызығын мойнына салып)* Әкпел
әкпел! *(Отырып жұтын салады)* А, Күдай! А,
Күдай! Я, аруак! Қолдай гөр! *(Түкіршеп)* Не-
мәж, ап-аны, тамақты қырды гөй?

Б о л ы с *(түрегеліп бетін буынып)* Әжел бері
бер! *(Күлдеңді артына шығып, белбеуін әтереді)*
Үйіңді жинап, тазалап қоя! . Нашадник осында
келіп қала ма, кім біледі.

(Шығып кетеді)

Тоғызыншы көрініс

КҮЛӨНДА, МҮСЛИМ

Мү с л и м *(кіріп)* Немәж? Бердің бе?

Кү л я н д а *(түрей қысып)* Бердім. Күдай-ай, сак-
тай гөр!

Мү с л и м Сөзіңі жок па?

Кү л я н д а Ашырқанды, түкірді, тамағын
қырды білем

Мү с л и м Бөрін шің ме?

Кү л ө н д а Шөлден келген екен, жұта сал-
ды. Алла-ай! Жасаған-ай!

Мү с л и м Жарайды, жұмыс бітті. *(Күрешеді)*

Кү л ө н д а Мен ғал қайтем?

Мү с л и м Қайтеңі? Түк көрмеген кісі бо-
тып жүре бер. *(Күлдеңді үйдің шіңі жинап
жүреді)*

Онғыншы көрініс

Б ұ р ы ң ы л а р. Қ О Ж А Н Т А Й,

Қ О Ы Қ Б А Й, Ә Б Д Е Л

Ү ш е у з *(ауыз үйге кіріп)* Мүслим жок па?

Мү с л и м Мен мұнда. *(Ауыз үйге шыға к*

әді). Сіздер ме едіңіз?.. Немәе? Болыс не айтты?

Қ о ж а н т а й. Маған кұдалық береді, мал аяйтын емес.

К ө б е к б а й. Маған тағы 300 сом берді.

Ә б д і л Маған қатын әпермек болды.

М ү с л і м (*мырс етін*). Бүгін бәріңді жарылқайтын күні ғой. Немәе? Көніп қалдыңыздар ма?

Ү ш е у і. Құдай сақтасын!

М ү с л і м. Сәндердің жақсылығын өлгенімше есімнен қалмас. Мәнің тар жерде жолдас болған жан досым сәндер.

Қ о ж а н т а й. Жеуден көзіміз ашылса, шығыннан қағас қылсаң- менің сұрайтыным сол.

К ө б е к б а й. Малыма ие қылсаң, аз мәншігімді кім көрінгенше сабатпасаң, тимей жүрген ақымызды әперсең, мәнікі сол шырағым!

Ә б д і л Нашарға көзіңнің қырын салсаң, қатарыңнан қалдырмасаң - мәнікі сол.

М ү с л і м. Сәндердің тілегіңді орындамасам, өзім де оңбаспын. Мәнің де көретін қызығым алдымда ғой. Сәндерді ұмытсам, Құдайды да ұмытармын.

Ү ш е у і. Біз де ұмытпаспыз.

М ү с л і м. Енді нашалнік жаққа барайық. Жүріңіздер!

Ү ш е у і. Барайық, барайық! (*Шығады.*)

Он бірінші көрініс

КҮЛӘНДА, ӘУБӘКІР

Әубәкір (*асығып кіріп*). Күләнда! Күләнда!

Күләнда (*төргі үйден жүгіріп шығып*).

Немәе? Немәе?

Өз бөктөр. Болыс кұсын жатыр, сырқаттан
шып қалды, төсек сая!

Күлдөңда. Жасаған-ау, не болды? Не дейді?

Өз бөктөр. Молда басын сүйеп отыр. Оң
қашып кетіпті.

Күлдөңда. Ойбай-ай! Не сұмдық болды?

Өз бөктөр. Бол, төсек сая! Кәзір әкелеміз!
(Дубөкір кетеді. Күлдөңда төсек саятады.)

Он екінші көрініс

КҮЛДӨҢДА, БОЛЫС,

СҮЛЕЙМЕН, ДУБӨКІР

Күлдөңда. Не болды? Не болды? *(Жүрелі
ағаштан шығады. Сүлеймен мен Дубөкір болыс-
ты қолтықтап әкеліп жатқызады.)*

Сүлеймен. Жүрелі қоя алды ма, қалай
қарай отырып кұсын жіберген? *(Болыс шықыл-
дап, төсекке жатады.)*

Күлдөңда. Дәл сайлау күні, Құдай-ай сақ-
тай тәр, жасаған!

Сүлеймен. Жай шығар, дақ етпес, бұрын-
нан талықсын кететін ескіде де бар еді ғой?

Күлдөңда. Онда бүйтінбұш еді, қашыптан
құлап кетуш еді. *(Дубөкір кетеді.)*

Болыс *(қабағын шартып, пана ұқалап)*. Ишм
күнің, жаның барады. Бү не әлемет болды. На-
шарлықке де жолың алмадым, сайлау әлде не
болады!

Сүлеймен. Тірі болсаңыз, сайлау қайда
кетер деісіз, сырқатты айтсаңызшы.

Күлдөңда. Я, жаны қалағның айтсаңыз-
шы!

Болыс. Молда, сіз нашарлықке жолығыңыз!

Менің ауырып қалғанымды айт. Айып ете көрмесін.

М о л д а. Дұрыс, барайын.

Б о л ы с. Шарды кешіктіре тұруға болмас па екен? Соны сұра! Омырау қалтамда пакетке салулы ақша бар еді. Осы ақшаны ретін тауып беріп көр.

С ү л е й м е н. Оныңыз дұрыс, сақтық қылған жарайды. Берудің есебін табамыз ғой.

Б о л ы с. Қатың қалтамнан әперші! *(Күләнда алып, молдаға береді).*

Б о л ы с. Сізге құрмет көрсетуге асық еді, жақсылығын ұмытпаспың, сайлауды кейінге қалдыра тұрсын деп айтыңыз...

С ү л е й м е н. Айтатын сөзді білеміз ғой.

Б о л ы с. Барыңыз енді. *(Сүлеймен кетеді.)* Қатың, сенің манағы қымызыңның бір пәлесі болды ма? Ішімді жау тигендей қылды...

К ү л ә н д а. Қымызда не бар дейсіз? Дәне-несі жоқ қымыз еді...

Б о л ы с. Соны қалай іштім, солай пәле боп жабысты... Ай, сұм қатың-ай! Сен бірдеңе қылдың ба, қайттің?...

К ү л ә н д а *(жағасын ұстан)*. Сақтай гөр! О не дегеніңіз?

Б о л ы с. Мен білем ғой! Сенің көңілің жас байда ғой.

К ү л ә н д а. Жасаған-ай! Жоқты айтпанызшы!

Б о л ы с. Ой, ішім, ішім! Бауырым өртеніп барады ғой! Не болды? Не пәле болды?!

К ү л ә н д а. Құдай-ау не болды?!

Б о л ы с. Ей, жалған-ай, дүние-ай! Шіркін...

Жанын төттүсү ай! Алдамшы бак, опасыз доу-
лет! Сендерге алданып, жаныма жаксылык кыл-
манпын гоё... Талайды каксаттым, талайды зар-
лаптым... о дүниеде заманым элде не болады!"
Ишим, шим! акегип... ортеди... күйлүрдү... жанчырды...

(Иван укалайды)

Күлөндө Жасаган-ай! не пәле болды?"

Болыс *(аздан соң)* Бала сүйиң кызык көрөм
бө деп едим. Күдай о тилегимди бермеді. Менин
балам аттан жыгылады - мойныны үзіледі, не суға
кетеді. Не қагынып өледі... Жас қатын алсам,
жүрегім жібір ме екен деп едим, жібімеді. Сен де
маған киянат қылдың...

Күлөндө. Күдай-ау! Қай жерде киянат
кылыппын?

Болыс. Сөйземе! Билемін... Мәжн құтыла-
сың, күдай тилегіңді береді, жас байға тиесін...

Күлөндө. Күдай-ай! Сақтай гөр! Жок
сұмдықты айтпаңызшы!

Болыс. Ишим, бауырым, бауырым *(Лоқси-
ды.)* Шылапшың! *(Күлөндө шылапшың тосады
Болыс қусады. Құсын болып ыңқылдайды.)* Ма-
ған пәле жабысты. Молданы шақыр!

Күлөндө *(жүгіріп есікке барады, Әубәкір
қарсы жолығады)* Әубәкір! Молданы шақыр!

Әубәкір. Қалай? Негып жатыр?

Күлөндө. Жайсыз. Жылдам молданы ша-
қыр! *(Әубәкір кетеді.)*

Болыс *(Күлөндөге)* Молда қайда?

Күлөндө. Жібердім, көзір келеді.

Он үшінші көрініс

Бұрынғылар һәм СҮЛЕЙМЕН
Молда. Немә? Қалай?

Болыс. Менің халым нашарға айналды. Мен
сірә өлермін..

Молда. Олай деменіз! Жан шошыған шы-
ғар. «Бас ауырса, жан шошиды ғой».

Болыс. Нашалнікке жолықтыңыз ба?

Молда. Жолықтым.

Болыс. Ақшаны бердіңіз бе?

Молда. Бердім.

Болыс. Бекер берген екенсіз...

Молда. Бер деген соң, қайтейн..

Болыс. Не айтты? Шарды кешіктіретін бе?

Молда. Өзіңізге жолығармын деді.

Болыс. Мүслім қайда?

Молда. Сонда отыр.

Болыс. Мүслімнің көзінше бердіңіз бе?

Молда. Жоқ, оңаша жерде бердім.

Болыс. Мүслім нашалнікпен сөйлесті ме?

Молда. Мен кеткенде сөйлесіп қалды.

Болыс. Ай, нашалнікті бұрып әкетпесе еді.

Молда. Бұра алмас, бұра алмас...

Болыс. Ой, ішім, бауырым!.. жаным...
қиналды ғой. Молдеке, қиналды ғой жаным!
Бауырым күйіп барады.. ой-ой!.. Әкетті... өртеді!

Молда. Ей, Паруардігер-ай, бұ не ғаламат
болды?

Күләнда. Қараңызшы, неғып жатыр?

Молда (*жүрегіне қолын салып*). Талыксып
кетті білем.

Күләнда (*үрейленіп*). Молдеке, ауылға ха-
бар айтқызсақ қайтеді?

М о л д а. Сабыр етіңіз, ауылдың қолынан не келеді дейсіз?.. Сізге еш нәрсе айтпады ма?

К ү л ө н д а. Иән дейсіз?

М о л д а. Жаназама пәлән мал шығар, пәләндей малды пәләншеге беріндер деген сықылды өсет қылмаса дегенім ғой...

К ү л ө н д а. Жок, ондай дәнне айтқан жок.

Б о л ы с *(қозі жұмулы, ыңқылдап, күрсілдеп, бір қолын созып)*. Ей, ананы карашы! Жан алғыш! Әзірейіл!.. Әзірейіл!..

К ү л ө н д а. Алла-ай! Қорқын барам...

М о л д а. Қорықсаңыз, ауыз үйге бара тұрыңыз. *(Күлөнда ауыз үйге шығып, орындыққа отырады. Молда теріс қарай.)* Сандырақ кірді, таянған екен. *(Қалтасынан пәкестті ашып көреді)* Бермегенім мақұл болған екен! *(Ақшаны көкірегіне басып)*. Мың сом! Бір мың сом! Қандай нәсін! «Біреу өлмей, біреу күн көрмейді» деген осы. Мың сом менің қолымда қалғанын бір бәнде билмейді.

Алла тағала бергісі келгенде, қайдан береді?! Құдіретіне шәк келтіруге бола ма?

Б о л ы с *(дірілдеп)*. А-е-е-ей! Айдашы мына горы биең!.. Басты ғой... тепті ғой... ей... ой...

М о л д а. Құдіреттің жарлығы-ай, бұ қай торы бие? Боранбайдікі ме, әлде, Тойбазардан алатын торы бие ме? Елден алған малдар ғой...

Б о л ы с. Көбекбай! Көбекбай! Әкет айғырыңды! Аяғымды езіп кетті ғой... ай-й! Жылан-ды карашы!.. Шағады-ау! *(Мойнын жұтқыған.)* Ал... ал! Мойныма оралды... *(Қылығынып)* Қысып барады... Шықты жаным!.. Ой! Ей! Ай! *(Талықсып кетеді. Болыс қысылған кезде Күлөнда қорқып, қоқысып отырады.)*

М о л д а. Жалғандікі жалғанда қайтады деген осы-ау! Көзіне көр ғазабы елестеп жатқанын қарашы. Байғұстын жанын қинамай, тез алса жарар еді... Осы жолы болыс болмаймын деген ойында бар ма еді? Ей, пендешілік-ай! Ажал шіркін алыс па? Бір сағатта шап ете түсті. Қыруар дәулетті жинап еді, енді мынау несіз қалғаны! Артында бала да қалған жоқ. Қатыны да жас адам. Байға тимей не отырсын? Кім алар екен Мүслім алмаса, ендігі жақыны сол ғой. Малды үш тоғыздан кем шығармас. Жаназасын Ысқақ қазірет шығарады ғой. Біздің, жолымыз сүйекке түсу болар. Жақсы ішіктердің бірін соқсақ жарар еді...

(Муртынан жымияды.)

Б о л ы с. Молда, ай молда!

С ү л е й м е н. Мен қасыңыздамын.

Б о л ы с. Сайлау не болды?

С ү л е й м е н. Хабар келген жоқ.

Б о л ы с. Дүние-ай! Дүние шіркіннің ыстығын-ай! Жаны құрғырдың тәттісін-ай! Ажалдың түсінін суығы-ай!.. Мен ұйықтап кетті-м бе? Қайттім?

М о л д а. Тыныштанғандай болдыңыз...

Б о л ы с. Көзіме әлдеңелер көрінді: тергейтін періштелерді көрдім, бүйірімнен көр қысты.

Он төртінші көрініс

Бұрынғылар әм ӘУБӘКІР

Ә у б ә к і р *(Күләндаға келіп)*. Сүйінші! Мүслім болыс болды.

К ү л ә н д а *(ұшып түре келіп)*. Рас па?

Ә у б ә к і р. Рас! Рас! Болыстан сүйінші сұрасам қайтеді?

Күлөңдө Барма, кысылып жатыр
 Өзүбөктр. Ендеше, мөн елге шабайын. *(Кетет)*

Болыс. Молда, ауыз үйдегизер не дейди?

Күлөңдө *(Торго үйгө кіреді)*. Молдеке!

Молда. Әлги не деп кетти?

Күлөңдө. Иншиз болыс болыпты.

Болыс *(кысылып)*. Ай! уһ! Ой! Жалган-
 ай! Мүслим нашаяник сайд... л-ай! *(Тилин қояды)*

Он бесінші көрініс

Бұрынғылар өм МҮСЛИМ

Мүслим *(жалаң бас, көңіл шат, ауыз үйге кіріп келеді)*. Қайда бәрі?

Күлөңдө *(қарсы шығып)*. Бағың құтты болсын!

Мүслим. Айтқаның келсін!

Күлөңдө. Сенің ойлағаның бодды, мөн қайтесің?

Мүслим. Қайтейің сен? Байға тиерсің

Күлөңдө. Кімге?

Мүслим. Біреу табылар

Күлөңдө. Өзін ше? Уәде қайда?

Мүслим. Мөн қатын алмаймын.

Күлөңдө. Ой! Ұрған екенсің ғой, болыс, болыс! Қайран болыс! *(Торго үйге жүгіре кіреді)*

Молда *(болыстың бетін жауып, иман айтады)*. Дә-иләһә Иллалла.

Күлөңдө. Ой, болыс-ай! Қорғаным-ай!
 Арыстаным-ай! Арманда айрылдым, қапыда айрылдым! *(Жылап болыстың аяғын қушақтап, жығып табы)*

Мүслім келп кіреді.

М о л д а. Жұмыс бітті. Қазаның қайыры болсын. Бағын құтты болсын!

(Мүслімде дыбыс жоқ, қолын аяқастырып кеудесіне қойып, сазарып, сілейін тұрып қалады).

Шымылдык

Аяғы

Thank you for evaluating AnyBizSoft PDF Splitter.

A watermark is added at the end of each output PDF file.

To remove the watermark, you need to purchase the software from

<http://www.anypdftools.com/buy/buy-pdf-splitter.html>